



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 36 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2005 жылғы 16 қараша
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 16 қарашада мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	7 942,5	7 885,7
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 042,6	7 042,6
Алтын	899,9	843,1
Ақша базасы, млрд. теге	625,7	625,7
KZT/USD (кезең аяғында)	134,23	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	467,55	438,00

* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 8,0%-ға (немесе 694,9 млн. долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында валюта сатып алуына, Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсетуіне қарамастан, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату таза валюта қорларының (ЕАВ) 691,0 млн.долларға азаюына әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік нарықтардағы бағасының 1,1%-ға төмендеуі нәтижесінде 3,8 млн. долларға азайды.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 8,0%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 8,9 %-ға төмендеді, алтынмен активтер 0,7%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 810,3 млн. долл.) қоса алғанда 13 756,2 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 5,1 % болды.

2005 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің азаюы ақша базасының 2,4%-ға (немесе 15,1 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.